

Мәслихаттың 2014 жылғы 11 наурыздағы № 187 "Қостанай облысы Қостанай ауданы Половников ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2014 жылғы 7 қазандағы № 241 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 қазанда № 5129 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2017 жылғы 30 қарашадағы № 193 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 30.11.2017 № 193 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 11 наурыздағы № 187 "Қостанай облысы Қостанай ауданы Половников ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4620 тіркелген, 2014 жылғы 30 сәуірде "Арна" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің орыс тілдегі қосымшасында "Половников" деген сөз "Половниковка" деген сөзбен ауыстырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай аудандық мәслихатының
кезектен тыс сессиясының төрағасы
Қостанай аудандық
мәслихатының хатшысы

А. Жумагулов

А. Досжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК